

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 29 сәуірлегі № 185 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 мамырда № 2645 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Талас ауданында 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Талас ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Тамабекұлы Қартабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Рысмендиев

Талас ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 29 сәуірдегі
№ 185 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (орын), оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға жан басына шаққандығы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу мөлшері
		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (орын)	Жергілікті бюджет есебінен (орын)	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	

	Қала	985	570	-	-	-
1	Шағын орталықтар	275	-	10120	-	4000
	Жарты күндік шағын орталықтар	100	-	8500	-	-
2	Бала-бақшалар	610	570	-	-	5000
	76-дан 99 балаға дейін	90	-	24500	-	5000
	100-ден 150 балаға дейін	240	-	21000	-	5000
	151-ден 285 балаға дейін	280	570	18700	19155	5000
	Ауыл	500	640	-	-	-
1	Шағын орталықтар	175	-	10550	-	3500
	Жарты күндік шағын орталықтар	175	-	8500	-	-
2	Бала-бақшалар	150	640	-	-	3500
	25-тен 50 балаға дейін	75	500	26800	28100	3500
	51-ден 75 балаға дейін	75	-	22350	-	3500
	101-ден 150 балаға дейін	-	140	-	25500	3500